

**Жиынтық бағалауды өткізуге қатысты  
нұсқаулық**  
(педагогтарға арналған)

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 509 бұйрығының негізінде төмендегідей өзгерістер енгізілді:

1. 14-4-тармаққа сәйкес «аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді». Қажет болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып жүргізіледі. Қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

2. Жартыжылдық бағалауға көшу мына пәндер бойынша жүзеге асырылады: «Жаратылыстану» (1-2-сыныптар), «Дүниетану» (1-4-сыныптар), «Дүниежүзі тарихы» (5-9-сыныптар), «Химия» (7-сынып), «Информатика» (5-9-сыныптар), «Құқық негіздері» (9-сынып), «Қазақ тілі»/ «Орыс тілі» (10-сынып ЖМБ), «Геометрия» және «Информатика» (10-сынып ЖМБ).

3. 2019-2020 оқу жылының екінші тоқсанында жоғарыда аталған оқу пәндері бойынша бөлімдер бойынша жиынтық бағалау (БЖБ-лар) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ 2) нәтижелерін электрондық/қағаз журналдарға қою арқылы жүргізіледі.

4. 2019-2020 оқу жылының екінші жартыжылдығында жоғарыда аталған пәндер бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілмейді.

5. 2020-2021 оқу жылынан бастап жоғарыда аталған оқу пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілмейді.

6. 2019-2020 оқу жылында жартыжылдық бағалау есебі БЖБ санына пропорционалды пайыздық қатынаста барлық БЖБ нәтижелері негізінде жүзеге асырылады (мысалы, төрт БЖБ өткізілген жағдайда –  $100/4=25\%$ ).

7. 15-тармаққа сәйкес «бастауыш мектептегі «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді».

Тоқсан/жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (бастауыш мектеп) пәндері бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» деген белгі қойылады.

8. 2019-2020 оқу жылында екінші тоқсанның қорытындысы бойынша 3-4-сыныптарда «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәнінен БЖБ және ТЖБ педагогтің қалауы бойынша жүргізілуі мүмкін, ал жиынтық жұмыстардың нәтижелері «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» деген белгі қою арқылы есепке алынады.

9. 2019-2020 оқу жылының бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен барлық нәтижелердің арифметикалық орта мәні оқушының пайдасына қарай шығарылады. Осы нәтиже негізінде «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» деген белгі қойылады.

10. 2019-2020 оқу жылының екінші жартыжылдық қорытындысы бойынша «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (бастауыш мектеп) оқу пәндерінен «есептелінді»/«есептелінген жоқ» деген белгі белгіленген тәртіппен қойылады (*ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы бұйрығы*).